

Ю. Брунецкиене, Р. Крушинскас, И. Зикиене

Шекаралық аймақтың экономикасына туризм инфрақұрылымының дамуының әсері (Литва мысалында)

Мақаланың негізгі мақсаты – туризм инфрақұрылымының дамуына баға беру және оның туризм жағынан тартымдылығы төмендеу шекаралық аймақтың экономикалық дамуы мен аймақтың интеграциясына тигізетін әсерін анықтау.

Мақалада көрсетілген: шекаралық аймақтың тұжырымдамасы, шекаралық экономикаға баға берудің әдістемелік ұсыныстары, туристер үшін аймақтың физикалық инфрақұрылымының тартымдылығына тигізетін әсерін теориялық тұрғыдан талдау. Польшамен шекарасы бар Литваның шекаралық аймағына 2 немесе 4 класты кемпингтерді орналастырудың альтернатива талдау барысында империкалық анализ талдау жасалынды. Мақалада альтернативанга қаржылық және экономикалық әлеуметтік баға берілді, қорытынды жасалынды.

*Статья рекомендована к печати
А.К. Уваровой
(кафедра туризма)*

ӘОЖ 338.483.11 + 575

А.М. Сергеева

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Ақтөбе қ.

Мақалада аумақтағы экологиялық туризмді қалыптастыру мәселелеріне тоқталады. Онда облыстың туристік-экологиялық әлеуеті мен табиғи ресурстарына баға беру, физикалық-географиялық жағдайының экологиялық туризмді дамытуға әсерін анықтау, сондай-ақ, экотуристік маршрутты ұйымдастыру жасау мәселелері қарастырылады.

Ақтөбе облысы республикамыздың солтүстік-батысындағы көлемді аумақты алып жатыр. Облыс ауданы 300,6 мың шаршы шақырымды құрайды (2009 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша). Ақтөбе облысының аумағы солтүстігіндегі Орал маңы үстірттерінен оңтүстіктегі Асмантай-Матай сорлары, Матай құмдарына дейін созылады. Ал батысында Ақтолағай қырқасы, Ақшатау, Доңызтаудан Торғай қолатына дейін қамтиды. Физикалық-географиялық жағдайы жағынан облыстың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- облыс аумағының сейсмикалық салыстырмалы тұрақты болып келуі;
- жер бедерінің басым бөлігінің үстіртті-жазықты болуы;
- Еуразия құрлығының ішкі ауданында орналасқандықтан, климаттық жағдайы қатаң, шұғыл континентті болып келетіндігі;
- аумақтың дала, шөл және шөлейт табиғат белдеулерінде орналасқандығы;
- облыстың оңтүстік бөлігіндегі гидрографиялық желісінің өте нашар дамуы;
- облыс Ресей, Өзбекстан Республикаларының облыстарымен және еліміздің өнеркәсіпті облыстарымен шектес орналасқандығы.

Атап көрсетілген анықтамалардың қай-қайсысы да облысқа тән сипаттарды, белгілерді нақтылы сипаттайды.

Осыған байланысты облыс аймақтарының ішкі туризмнің басты түрлері экологиялық туризмді дамытуы былай анықталады (1-кесте).

Мұғалжар таулары бұл аласа қыраттар мен шоқылардың бойлық тізбегі, солтүстігінде Ор өзенінің шығанақ ендігінен оңтүстікке қарай 480 км-ге созылған. Мұғалжар тауларының оңтүстік бөлігі ең биік және тұтас болып келеді. Мұнда теңізден 657 м биіктікте орналасқан Үлкен Боқтыбай биік шыңы бар. Бұл Батыс Қазақстандағы ең биік нүкте болып табылады. Мұғалжар таулары Каспий теңізі хауызына қатысты (Ор және Ембі) өзендері және шығысқа, оңтүстік-шығысқа, Солтүстік Арал жағалауы (Ырғыз) мен Торғай ойпатының жазықтықтарына ағатын өзендерге су айырығы болып келеді. Атап айтқанда, Мұғалжар таулары Орал жоталарының шекарасына дейін жағалай созылып, Еуропа мен Азияны табиғи жағынан бөліп тұр. Осының құрметіне асудың биік нүктесінде белгі ретінде «Еуропа – Азия» ескерткіші орнатылған /2/.

1-кесте

Аймақтың ішкі туризмінің басты түрлері /1/

<i>Туризм түрлері</i>	<i>Туризм түрінің жағдайы және даму факторлары</i>	<i>Дамытуға қажетті іс-шаралар</i>
Экологиялық	Облыстағы туризм дамуының басты кезеңдерінде, көп қаражат және қиын инфрақұрылымды қажет етпейтін дамытуға тиімді туризм түрі – ормандар, реликті флорасы бар оазистер қызығушылық тудырады. Мартөк ауданының қайыңды-көктерек ормандары, Ор және Жем (Ембі) өзендерінің суайырықтары, Ойыл тоғайы, Орал, Қобда, Қарғалы, Елек, Ойыл өзендерінің ландшафтары, жартастар, иірімді домалатулар, орманды жайылмалармен саяхаттаушыларды қызықтырады.	Мамандандырылған туристік агенттер және операторлар дайындау. Жобалар дайындап, ұйымдастырушыларға лицензия алу және жобаларды несиелеу механизмін ойластыру.
Шытырман оқиғалы	Шытырман оқиғалы туризм шетел және отандық туристердің қызығушылығын тудырады, бірнеше туризмнің түрлерін біріктіреді: велосипедтік, атпен, түйемен, шаңғылық, су, жаяу, экстремальды және т.б. тұрғындар, соның ішінде жастар салауатты өмір салтын ұйымдастыруға туризм мүмкіншіліктеріне қызығушылық тудырады.	Спорттық туризм нұсқаушыларын дайындау. Жобалар дайындау. Болашақта жастар туристік орталықтарын құру.

Облыстың батыс бөлігінде Каспий теңізі маңы ойпатына дейін жалғасатын Жайық – Ембі шоқысы, оңтүстік-шығысында дөңесті құмдар сілемдері: Арал маңындағы Қаракұм, Үлкен және Кіші Борсық, солтүстік-шығысында Торғай шоқысы. Мұндағы өзендер аңғары бірнеше жағалай созылған террасаларымен кең. Су айырықтарының бойы жазық, жиі текшелі болып келеді.

Үстірт шоқысы мен Торғай жазығының аралығындағы жартылай шөлді жазық мекенді Солтүстік Арал маңы деп атайды. Ол Арал теңізінің жағалауына дейін созылып жатыр. Осы жазықтықта Ақтөбе облысындағы ең ірі көшпелі құмдар алабы орналасқан: Солтүстік Арал маңы ауданы Торғай жазығынан шартты түрде Ырғыз өзенінің төменгі ағысының ендік бөлігі арқылы бөлінуде.

Облыс климаты континенталды, қуаң. Қаңтардағы орта температура –15, –16°С, шілдеде +22, +25°С. Жауын-шашынның жылдық орта мөлшері – 125-350 мм.

Ірі өзендері: Торғай (825 ш), Ойыл (800 ш), Жем (712 ш), Ырғыз (593 ш), Ор (314 ш). Облыста 150-ге жуық көл, көбінесе кіші және тұзды, кейбіреулері кеуіп сорға айналған, Қарғалы өзенінің бойында Қарғалы суқоймасы (көлемі – 28,5 шаршы шақырым, сыйымдылығы – 280 млн. м³) бар /1/.

Облыстың солтүстік-батысы бетеге, жусан және дәнді түрлі шөптер өскен сор алапестері бар қызыл топырақты дала. Орталық және солтүстік-шығыс бөлігін қызыл және сұр топырақты дәнді, шөл дала алып жатыр. Оңтүстігінде жусанды шортан шөлдер мен құмды-тұзды алқапты қоңыр сортаң топырақты шөлдер.

Ормандар облыс көлемінің 1 %-ға жуығын құрайды. Сирек орман топтарын қорғау мақсатында тірі табиғат ескерткіші мәртебесіне ие, жалпы көлемі 34 га 6 телім берілді. Облыстың кейбір аудандарында қолдан жасалған ормандар XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында отырғызылған еді, қазір бұл қарағайлы ормандарға 3 ғасырдай болды.

Облыс аймағының көпшілік бөлігінде әртүрлі шөпті және дақылды дала орын алған. Сондықтан жануарлар әлемінің негізгі ядросын шалғынды-далалы шөпқоректілер, әртүрлі шөптер және жалпақ жапырақты дақылдармен қоректенетін тік қанатты жәндіктер (сібірлік, қара қанатты және ақ жолақты шегірткелер, кішкене ала бүйілер, т.б.), кәдімгі және үйірлі сүр тышқандар (шығыс аудандарда), сарышұнақтар (үлкен батыс бөлігінде, қызыл ұртты шығыс бөлігінде), дала суыры құрайды /2/.

Құстардан көп кездесетіндері дала бозторғайлары, кәдімгі бөденелер, сүр кекіліктер, ірі балшықшылар, бұлардың барлығы аралас азықтармен, өсімдіктердің жас бұтақтары және тұқымдарымен қоректенеді. Шөп қоректі жәндіктер мен кеміргіштердің көптігіне байланысты жыртқыштар саны да көп, олардың арасында кәдімгі түлкі, дала күзені, жайылым және дала ителгілері, кәдімгі бөктергі, кәдімгі жамансары, саз үкісі. Әртүрлі шөпті-дақылды далада әдеттегі далалықтар (үлкен қосаяқтар, дала алақоржындары, ұсақ атжалмандар, ақ қанатты және қара қанатты бозторғайлар) аз, олар көбінесе дақыл өсімдікті құрғақ, биік телімдерде, сортаң жерлерде, көл маңындағы сорларда немесе жайылымдар мен жол жиектерінде мекендейді. Бауырымен жорғалаушылар мұнда аз. Тек сергек кесіртке ғана ашық жерлерде жиі кездеседі.

Ағашты тоғай әртүрлі шөпті-дақылды даланың аз бөлігін алып, әртүрлілігімен жұпыны орман фаунасын құрайды. Құстардың арасында бұталар мен тоғай шетіне ұя салатын түрлері бар (суық торғай, емендік, сары торғай, сүр және қаршығалы, славки және т.б.). Далаға жиі ұшып қоректенетін кәдімгі құр мен ақ кекіліктер кездеседі.

Жартылай шөлейт аймағында дала өсімдіктері мен жануарлардың топтары бірте-бірте шөлге ауысады. Жануарлардың экологиялық топтардың арақатысымына байланысты жануарлардың түрі ғана емес, құрылымы да өзгереді. Бұрынғысынша шөпқоректілер басым болғанымен биоценозда түбірімен қоректенетін және талғаусыз қоректенетін жануарлар үлкен рөл атқара бастайды. Сансыз көп сарышұнақ төбешіктері бұл жазықтарды жауып тұрады. Кей жерлерде құмтышқандар да көп. Жартылай шөлейт аймақтарында киіктер жыл бойы жайылады. Шөлейт биоценозында маңызды орынды құмтышқандар мен қосаяқтар алады /3/.

Аңшылықты реттеу. Аңшылыққа пайдаланатын жалпы жер көлемі – 29,9 млн га, оның ішінде 91 % далалы және жартылай шөлейттер аңшылыққа пайдаланатын жерлер, 0,4 % орманды, 1,2 % сулы және 7,4 % ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерлер. Аңшылыққа пайдаланатын бос жатқан жерлер көлемі – 23601,0 мың га (2-кесте).

2-кесте

Ақтөбе облысындағы аңшылық шаруашылығының жер көлемі (облыстық табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметтері)

№	Аңшылық шаруашылық атауы	Пайдаланатын аумақ көлемі, га	№	Аңшылық шаруашылық атауы	Пайдаланатын аумақ көлемі, га
1	Қопа	80000	12	Комсомол	437717
2	Шалқар	251808	13	Мәртөк	116143
3	Зеленый Дол	198887	14	Сарыбұлақ	249708
4	Қарабұтақ	499805	15	Қарғалы	528206
5	Сағыз	163128	16	Ақтастыкөл	235790
6	Күйгенкөл	325465	17	Жекенді	283443
7	Сабанкөл	17,1455	18	Кемер	444884
8	Темір	83000	19	Ырғыз	307736
9	Ембі	349916	20	Родник	385636
10	Қаракөл	202608	21	Соркөл	225660
11	Әйке	494498	22	Барлығы:	6298601

Ақтөбе облысында аңшылық кәсіп құрамының әртүрлілігі мен санының көптігіне байланысты аңшылық шаруашылығын кәсіптік және спорттық-әуесқойлық бағытта жүргізуге мүмкіндік береді. Облыс аймағында сүтқоректілердің 62 түрі, құстардың 214 түрі, оның ішінде 35-і сүтқоректі, 80-і аңшылық-кәсіптік, аңдардың 10 түрі, осылардан 35 түр Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген. Бұрынғы уақыттағы негізгі аңшылық кәсіп қазір жүргізілмейді, оның себебі – киік санының күрт азаюы мен аулауға тыйым салынуы, ал саны көп терісі бағалы аңдар түрлерін – түлкі, қарсақ, құм сарышұнақ, суыр, күзенді әр түрлі себептерге байланысты соңғы он жылда аулауға тыйым салған. Бүгінгі күні аңшылық шаруашылығын жүргізудің негізгі бағыты – суда жүзетін жабайы құстарға, қояндарға әуесқойлық аулауды, аз мөлшерде елік пен қабанға лицензиялық аулауды ұйымдастыру. Есеп бойынша облыс аймағында 70 бұлан, 134 елік, 1965 қабан мекендейді. 2006 жылғы аулау маусымында осы жануарларды аулауға шектеу қойылды: 70 елік, 85 қабан, бұланды аулау саны белгісіз. Негізгі аңшылықтың түрлері – қаз, үйрек, қоянға тұрақты, аң аулау уақыты белгіленген ақылы жолдамамен және аңшылық ережелерімен жүзеге асады.

Экотуризмнің дамуы – экономикаға табыс түсірудің көзі. Өйткені экотуризм табиғи жағдайы ластанбаған ортада демалу ғана емес, ол сол аумақ халқының жағдайын жақсарту да болып табылады.

Ырғыз-Торғай қаумалының буферлік зоналарында экотуризмді дамытуға барлық мүмкіндіктер бар және осы аймақта экотуризмді дамытуға біршама жағдайлар жасалуда.


Қаумал қарамағында экотуризм бойынша 3 маршрут жасалған еді. Осы маршруттардың көбі дамуы мен таратылуын керек етеді. Туристік базаны резерват көлеміндегі үш жерде ашу жоспарланып отыр. Бұл орталықтар – Атан басы жүйесі, Алакөл бөлімшесі және Малайдар көлі (1-сурет).

Ырғыз-Торғай қаумалында экотуризмді одан әрі дамыту мен жетілдіру үшін мына шараларды қолдану керек:

- 1) ең бастысы қаумалда экотуризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау табу керек, заңдар мен нормативті-құқықтық актілер қабылдану керек;
- 2) қаумал маңайындағы елді-мекендерде инфрақұрылымды дамыту керек;
- 3) жергілікті халық арасында патриоттық сезімді оятып, табиғатты аялауға шақыру керек;
- 4) қаумалдағы қызмет көрсетуші кадрлардың санын көбейтіп, қызмет сапасын көтеру керек. Көптеген тренингтер мен семинарлар өткізу қажет;
- 5) Ырғыз өңірінде туристік инфрақұрылымды дамыту қажет;
- 6) қажеттіліктерге байланысты Ырғызда орналастыратын орындардың жағдайын жақсарту.

Алакөл жүйесі – сулы-батпақты өлке. Бұл – құстардың нағыз шоғырланатын жері. Өкініштісі, соңғы жылдары су қоры азайып, көлдер тартылып жатыр. Сондықтан құстар аз. Атан басы жүйесі – киіктердің мекені. Әсіресе көктем мен күзде мұнда киіктен көз тұнатын көрінеді. Сондықтан осы мезгілдерде Атан басы жүйесі туристерге қызмет көрсетуге әбден лайық. Туристер киіктердің өсіп, өнетін аймағын, шөл даланы, бұрынғы теңіздің табаны болған жерді көргісі келсе, Атан басы жүйесіне баруға болады.

Малайдар көлі – қаумалдың жері. Ырғыз ауданының орталығынан 80 шақырым жерде орналасқан. Мұнда көлдер көп болғандықтан, біздің ауданға келіп, демалғысы келетіндер жетеді. Бірақ олардың бар ойы – саятшылық. Қаумалда мұндай мақсаттағы адамдар үшін орын жоқ. Саяхатшыларды табиғаттың тамашасын сол қалпында көру, бақылау үшін шақырады. Мылтық атуға, ау салуға болмайды. Ырғыз-Торғай қаумалында Қызылжар өзегі бар. Ол үш көлді: Малайдар, Асабай, Тайпақкөді байланыстырып тұр. Туризм саласындағы шараларды Малайдардан бастауға болады. Малайдар көлінен 7–8 шақырым жерден қалың құм басталады. Ол-Қарақұмның сілемі, Нарқызылдың құмы деп аталады. Саяхатшылар сол жерлерде атпен, түйемен серуендеулеріне болады. Малайдардың солтүстік жағында, 15–20



1-сурет. Ырғыз-Торғай қаумалы аумағындағы маршруттар сызбасы

шақырым жерде сулы-батпақты өлке басталады, яғни бір-біріне жалғасып жатқан өзен, көлдер. Туристерге құстардың тіршілігін байқау үшін көлде қайықпен жүруге мүмкіндік жасауға болады /4/.

Облыстағы әрбір ауданның табиғи ресурстарын ескере отырып, туризмнің дамуын әрбір аудан үшін жекеше қарастыру керек. Осының негізінде, әр ауданға географиялық, экономикалық, туристік ресурстар жағдайын ескере отырып, туризмді дамыту жобалары қарастырылады.

1. Қарғалы ауданында туризмді дамытуға ұсынылатын жобалар:

- Балалар спорттық–туристік кешені; Лушниковка кентінде орналасқан.
- Желтау кенті, Қарғалы суқоймасының жанында су-спорттық сауықтыру туристік кешенін салу.

2. Мұғалжар ауданында туризмді дамытудың негізгі бағыты ретінде, қарағай қылқанды орманына табиғи-рекреациялық және демалыс мақсатында ұйымдастырылған туристік топтардың келуі. Қонақ үй құрылысы туристер топтарын нысанға жақын орналасуына мүмкіндік береді.

3. Шалқар ауданында экологиялық туризмді дамытудың негізгі бағыты ретінде минералды су көздерін атауға болады.

4. Ырғыз ауданында, халықаралық маңызы бар тарихи ескерткіш Жаманшын жергілікті және шетел туристері үшін қызығушылық тудырады. Геологтың жетекшілігімен туристік топтарды ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар аң және балық аулап демалуға болады. Ырғыз ауданында туризмді дамытуға ұсынылатын іс-шаралар жоспары:

- маусымдық экотуризмді дамыту;
- Ырғыз кентінде балаларды сауықтыру лагерьлері, спорттық лагерьлер, қонақ үйлер құрылысын жүргізу;
- турмаршруттар кестесіне кіретін жолдарға жөндеу жұмыстарын жүргізу.

5. Ойыл ауданы бойынша, туризмді дамытудың негізгі бағыттары ретінде маусымдық экотуризмді дамыту, спорттық аңшылық және балық аулау. «Барханқұм» құмдарында санаторийлар, «Ащы Ойыл» өзенінің жағасына аңшы үйлерін салу.

6. Қобда, Мәртөк аудандарында экотуризм, аңшылық және балық аулау үшін ресурстар жеткілікті. Қызмет көрсету орталықтарын және қонақ үйлер құрылысын жүргізу.

Мәртөк ауданында рекреациялық туризмді дамыту мақсатында:

- Қызылжар елді мекенінде «Коминтерн», «Тәңірберген» шағын турбазасын салу;
- қайталанбас ландшафтылары бар жерлерге маршруттарды ұйымдастыру.

7. Байғанин ауданы әкті және борлы қыраттар басым, мысалы Ақтолағай қырқасы, Ақбота-Сәңкібай, т.б. табиғи нысандар. Ауданда оқушыларға, аудан тұрғындарына және туристерге арнап іс-шараларды ұйымдастыру.

8. Әйтеке би ауданында туризмді дамытудың негізгі бағыттары ретінде аңшылықты және балық аулауды дамытуға болады. Аудан Хромтау – Алтынсарин автомагистралінің жанында орналасқан, бірақ та, әзірше, қызмет көрсету инфрақұрылымы дамымаған.

9. Хромтау ауданында жер тарихының геологиялық жағдайының 350 млн жылын сипаттайтын табиғаттың ерекше геологиялық нысан Айдарлыаша және Азбартас геологиялық айырылымына маршруттар жасау.

-
1. Назарчук М.К. Перспективы развития экологического туризма в Казахстане. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2001. – 80 с.
 2. Кубесова Г.Т. Природные предпосылки развития отдыха и туризма Актюбинской области // Актуальные вопросы теории и практики туризма: Сб. матер. респуб. научно-практ. конф. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – С. 115–120.
 3. Кубесова Г.Т. Природные достопримечательности Актюбинской области как объекты перспективного развития отдыха и туризма // Поиск – Изденіс. – 2003. – №4(2). – С. 91–94.